

Хандар біртіндеп орталығы Стамбул болған жаңа экономикалық жағдайдың маңыды мүшелеріне айналған. Олардың қатысқан соғысы мен саудасы Осман империясында ерекше рөл атқарған. Хандықтың саяси, экономикалық және тұрмыстық құрылымдары Стамбулдың құлдарға қатысты қажеттіліктерін жақсарту үшін біртіндеп, уақыт өте келе дамып отырған. Хандар саны уақыт өте келе арта түскен [5, 163 б.].

А.Л.Хорошкевичтің пікірі бойынша, Осман империясының Қырым хандығындағы билігінің артуы Үлкен Ордадағы жоғары державалы идеяларын сақтап қалған Қырым Астраханьды жаулап алуға тырысуынан кейін басталады, алайда оған Ноғай Ордасы кедергі келтіреді. Ноғай Ордасын жою үшін қырым ханы Осман империясы мен Орыс мемлекетінен көмек сұрайды, себебі ол осының барлығын өз күшімен жасай алмайтын еді. Мәскеу князьдігі ол көмекті бере алмайтын еді, себебі әлі «Еділдің төменгі ағысында белсенді түрде қозғалуға дайын емес» еді [6, 73 б.] оның үстіне, князьдіктің мемлекеттік қызығушылықтары Қазан хандығын жоюды талап етті. Қырым мен Мәскеу арасындағы қарама-қайшылықтар 1521 жылғы «қырымдық құйынмен» аяқталады. Зерттеуші 1569 жылғы Астрахань жорығын орыс-түрік соғысы деп атап, онда да Мәскеу сол үшін Қырымның саясатына «борышты» деп есептейді.

И.В.Зайцев Қырымның сұлтандық Түркияға иерархиялық тәуелділігін асыра атамайды. Керісінше, ол оның сыртқы саясатында салыстырмалы түрде өз бетіндік бар деген көзқарасты ұстанады [7, 87 б.].

Қорытындылай келе, отандық тарихнамада осы уақытқа дейін Қырым-Османлы байланыстары арнайы зерттеу тақырыбына айналмағанын атап өткен жөн. Бұл өз кезегінде Қырым хандығының тек қазақ тарихында ғана емес сонымен қоса әлем тарихында маңызды рөл атқарауы тиіс екендігінің айқын бейнесі. Қырым-қатынас негізінде туындаған тәуелділік нәтижесі Қырым хандығының саяси аренадағы орны ерекше болып қала бермек.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Әбдіуақап ҚАРА. Фатих Мехмет-Осман мемлекетін империяға айналдырған патша. Сұхбаттасқан Марфуға ШАПИЯН, «Аңыз Адам» Журналы, мамыр 2013, 10 нөмірі (70), 19-20 б.
2. Смирнов В.Д. Крымское ханство под верховенством Оттоманской Порты до начала XVIII века. – СПб.: Унив. тип. в Казани, 1887. – 772 с.
3. Непомнящий А.А. Начало научного этапа разработки источников по истории Крымского ханства: В.Д. Смирнов // Золотоордынское обозр. – 2015. – № 3. – С. 113–142.
4. Тунманн И. Крымское ханство. – СПб.: 1-я гос. типография Крым полиграф треста. Симферополь, 1936. – 116 с.
5. Возгрин В.Е. История крымских татар: Очерки этнической истории коренного народа Крыма: в 4 т. – СПб.: Нестор-История, 2013. – Т. 1. – 871 с.
6. Хорошкевич А.Л. Русь и Крым после падения ордынского ига: динамика трибутарных отношений // Отеч. история. – 1999. – № 2. – С. 69–79.
7. Зайцев И.В. Крымская историографическая традиция XV – XIX веков: пути развития: Рукописи, тексты и источники. – М.: Вост. лит., 2009. – 304 с.

Үлкен ойын теориясының қалыптасуы және әлемдік саясатқа әсері

Рысмагамбетов Ж.Б.

Ғылыми жетекшісі: т.ғ.к., доцент Батталов.Қ.Қ
Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық Университеті

Мақалада үлкен ойын теориясының қалыптасуы мен тарихи маңыздылығы қарастырылады. Сонымен қатар Збигнев Бжезскийдің «Евразиялық Балкан» терминімен салыстыру арқылы, қазіргі заман тарихындағы халықаралық қатынастар мәселелерін зерттеу

жұмысын жүргіздік. Осыған байланысты мақаланы келесідей аспектілерге бөлген болатынымын;

- Үлкен ойын саясатының қалыптасуы мен Орта Азияға әсері;
- Қазіргі замандағы «Жаңа Үлкен ойын» саясаты контекстіндегі әлем;

Үлкен ойын саясатының қалыптасуы мен Орта Азияға әсері.

Көптеген ғалымдар The Great Game (Үлкен ойын) терминін ағылшын жазушысы Редьярд Киплинг ойлап тапқан деп санайды. Өйткені ол бұл терминді алғаш рет "Ким" романында жазды. Бірақ іс жүзінде бұл терминді Британдық офицер Артур Коннолли Орта Азияға саяхаты кезінде қолданысқа енгізді.

Қысқаша айтқанда Үлкен ойын саясаты бұл Ресей және Британ империяларының арасындағы Орталық Азия үшін бәсекелестігі. Үлкен ойын саясаты Орталық Азия аймағында ғана емес, Қытай, Иран, Моңғолия, Осман империясының жерлерінде жалғасты. Қазіргі таңдағы Украина, Таяу Шығыс аймақтарындағы қақтығыстар Үлкен ойын саясатының бір бөлігі болып табылады.

Неліктен Орталық Азия қақтығыс нүктесіне айналды? Біріншіден, бұл аймақ сауда және әскери жолдардың өзіндік геосаяси кілті болды. Егер XIX ғасырда Ұлыбритания Ресейдің оңтүстік пен шығысқа жылжуынан және оның Үндістанға басып кіруінен қорқатын болса, Ресей империясы Ағылшындардың Орта Азияға шабуыл жасауынан қауіптенді. Сол себепті бұл аймақтың екі империя үшін маңыздылығы өте жоғары болды.

Ресейлік саясаттанушы, журналист Михаил Леонтьевтің пікірінше Үлкен Ойын саясатының алаңына Ресей, 1-ші Петр кезінде келді. Себебі ол кезде Ресей империя дәрежесіне көтеріліп, көрші жерлерді отарлай бастады. Алдымен, Балтық теңізі мен Кавказ, содан кейін Орта Азия аймақтары Ресейге тізе бүкті. Ал 1801 жылы 1-ші Павел казак әскерлерін бастап, Үндістанға жорық ұйымдастырады. Алайда бұл жорық 1-ші Павелдің қазасына байланысты кейінге шегертілген болатын. XIX ғасырдың екінші жартысынан бастап, Орта Азия мен Орталық Азия аймақтарында тыңшылық әрекеттер жүргізілді. Екі тарапта өзінің империяларындағы ең білікті деген тыңшыларын жіберіп отырды.

Ағылшындардың Азия аймағындағы геосаяси ойындары XIX ғасырдың басында басталған болатын. 1800 жылы Иран шахына Британ империясының дипломатиялық делегациясын бастап, екі жас офицер Уэлси мен Джон Малкольм келді. Делегацияның мақсаты, күшейіп келе жатқан Ресей мен Францияның одағына тосқауыл қою болатын. Бұл үшін олар Иран шахын пайдалануды жоспарлады. Ресей империясымен соғыс жағдайында өмір сүріп жатқан Иран үшін бұл келісім керемет мүмкіндік болды [1, Б. 22-23].

Алайда Франция мен Ресейдің арасында келіспеушіліктер туындап, оның соңы үлкен соғысқа ұласты, нәтижесінде Наполеон билігі құлаған болатын. Наполеонмен соғыс аяқталғаннан кейін Ресей мен Ұлыбританияның Шығыстағы бәсекелестігі жаңа күшпен басталды. Парсылардың ағылшын кеңесі бойынша кек алу әрекеті сәтсіз аяқталып, бірнеше рет жеңіліске ұшырағаннан кейін, шах үкіметі, Ресеймен Түркманчай келісіміне қол қойды. Келесі жылы Ресей Қара теңіздің шығыс жағалауын алып, Түркияны жеңді.

Ал 1837 жылы Кабулға Ресей елшісі-лейтенант Виткевич келді, ол тез арада Әмір Дост Мұхаммедтің сеніміне кіріп, Ресей үшін тиімді келісімге қол қойды. Петербург Лондонмен қарым-қатынастың ушығуын қаламай, Виткевичті Петербургке шақыртып, келісімнен бас тартады.

Англия осы мүмкіндікті пайдаланып, Кабулға басып кіреді. Кейін билік басына Шуджу шахты отырғызады. Бұл жағдай Орта Азия хандықтарына үлкен сабақ болды. Сол себепті Орта Азияға келген делегациялардың дипломатиялық миссиялары көбінесе сәтсіздікпен аяқталған болатын.

Бұл факторлардың барлығы бұл аймақтарды күшпен басып алу қажет екенін қайта ұқтырды. Сол үшін Орта Азиядағы ықпалын арттыру мақсатында Ресей империясы XIX ғасырдың 60-жылдары өздерінің басқыншылық әрекеттерін бастайды. 1860 жылы Токмак пен Пішпек бекіністері талқандалып, Ресей империясының бодандығына өткен болатын.

Г. А. Колпаковскийдің әскері Ұзынағаш аймағының маңындағы шайқаста қокан әскерін талқандайды, ал 1861 жылдың күзінде генерал А.О.Дебу Ян-Қорған бекінісін басып алады. 1864 жылы 1-ші Александрдың шешімі бойынша Сырдария аумағы Ресейдің құрамына кіреді. 1867 жылдың шілдесінде. Орта Азиядағы иеліктер Түркістан генерал-губернаторлығына біріктіріліп, генерал-губернатор болып К.П.Кауфман тағайындалады. Кауфманның кезеңінде Бұхар хандығы мен Орынбор губернаторының арасындағы 10 пункттен тұратын келісімге, тағы екі пункт қосылды. Ол біріншіден Бұхар әмірлігінің қалаларына орыс саударгерлерін кіргізу, екіншіден бұхар әмірі өзінің сыртқы саясаттағы позициясының өкілеттілігін Түркістан генерал-губернаторлығына тапсыру болды. Келісімге қол жеткізгеннен кейін, К.П.Кауфман Ян-Қорған бекінісін Бұхарлықтарға берді [2, Б.21-22].

Бұл уақытта Армений Вамберий Хиуа мен Бұқараға атақты саяхатын жасап, «еуропалық өркениет пен адамзаттың даңқы үшін» Орта Азияда орыс қаруына толық қолдау білдіреді [3, Б. 192]. Вамбериймен қатар сол кездің көптеген ғалым саяхатшылары бұл идеяны қолдаған болатын. Бұл Ресей империясы мен Британ империясының арасындағы ең ұзаққа созылған бәсекелестік болды. 1907 жылғы Антанта келісімінен кейін Үлкен ойын саясаты тоқтады, алайда ол ұзаққа созылмады. 1946 жылдан бастап, Үлкен ойын саясаты, «Қырғи-қабақ» соғысы деп өзгеріп, өзінің жалғасын тапты.

Қазіргі замандағы «Жаңа Үлкен ойын» саясаты контекстіндегі әлем.

Екінші дүниежүзілік соғыс аяқталғаннан кейін, әлем түбегейлі өзгерген болатын. Әлемде екі күшті империя қалыптасты. Олар АҚШ пен КСРО болатын.

Екі империяның экономикалық және саяси мүмкіншілігінің басым болуы, әлемді оларға тәуелді етті. КСРО құлдырағаннан кейін, әлем АҚШ-тың ықпалына өтті. Сонымен қатар Шығыс Еуропа елдерінің басым бөлігі НАТО-ның құрамына кірді. Тарих сахнасынан Югославия мемлекеті кетіп, оның орнына бірнеше мемлекет құрылды. Ал Азия аймағындағы жаңа экономикалық күшке ие болған Қытай, ЖІӨ бойынша екінші орынға шыққан болатын. Орта Азиядағы ықпалын сақтап қалу үшін Қытай мен Ресей ШЫҰ-мы құрды. Ал Ресейдің бұл уақыттағы жағдайы күрделі болды. Біріншіден ол басқа посткеңестік елдері секілді экономикалық дағдарысты бастан кешірді. Екіншіден оның көршілес елдермен жауласуы, АҚШ пен Еуро Одақ тарапынан экономикалық санкцияны күшейткен еді. Бұл кезде Таяу Шығыс елдерінде «Араб көктемі» басталып, 10 жылдық соғысқа алып келген болатын.

Бұл оқиғалардың барлығын Збигнев Бжезенский «Еуразиялық Балқан» аймағындағы соғыстары деп атады. Өйткені Еуропадағы Балқан түбегі көбінесе этникалық қақтығыстармен ассоциаланады. Сол секілді соғыс жағдайында өмір сүретін аймақтар Евразия материгінде де бар. Бжезенскийдің пайымдауынша олар келесі аймақтардан тұрады: Оңтүстік-Шығыс Еуропа, Орта Азия және Оңтүстік Азия, Парсы шығанағы мен Таяу Шығыс. Еуразиялық Балқандар, ауқымы жағынан анағұрлым қауіпті аймақ болып табылады. Себебі бұл аймақтардағы этникалық қақтығыстар ғасырлар бойы жалғасып, қазіргі кезде де өзінің өзектілігін жоғалтпады. Сонымен қатар бұл аймақтардағы кейбір мемлекеттер жекелеген геосаяси ойыншыға айналып жатыр [4, Б.65].

Егер халықаралық қақтығыстардағы мәселені осы теория арқылы қарастыратын болсақ, әлемде әліде болсын Үлкен ойын саясатының жүріп жатқандығын байқаймыз. Ресей, Қытай, АҚШ елдері бұл аймақта өздерінің ықпалын орнатуға тырысып жатқандығын байқауға болады. Мысалы үшін Ресейдің ең үлкен әскери базасы Тәжікстан аймағында орналасқан. Қытай болса бұл аймақтарға экономикалық жағынан көмек көрсетсе, АҚШ Ауғанстан мен Таяу Шығыс аймағындағы саяси процесстерге тікелей араласып отыр. Бұл екі теорияның ұқсастығы екеуіде осы аймақтардағы саяси оқиғалардың маңыздылығын түсіндіреді. Сол себепті бұл аймақ әлемдік державалардың қақтығыс нүктесі ретінде қала беретін болады. Мақаланы қорытындылай келе келесідей маңызды тұжырымдарды қортуға болады:

Біріншіден. Үлкен ойын теориясындағы геосаяси мәселер әлі күнге дейін өзекті. Сондықтан бұл тақырыпты зерттеу қажет;

Екіншіден. Үлкен ойын саясатынның үш кезеңнен тұратынын түсіндім:

1. 1800-1907 жылдар аралығындағы Ресей мен Британ империяларының арасындағы бәсекелестігі;
 2. 1946-1991 жылдардағы КСРО мен АҚШ арасындағы «қырғи-қабақ» соғысы;
 3. Қазіргі замандағы халықаралық қатынастардағы қақтығыстар;
- Үшіншіден. Үлкен ойынның қазіргі кездегі алаңы «Евразиялық Балқандар» болып табылады. Сол себепті бұл тақырыпты Қазақстанда зерттеу керек.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Хопкирк П. Большая Игра против России: Азиатский синдром. – Москва: Рипол Классик, 2004 - 269 б.
2. Терентьев М. А., Россия и Англия в Средней Азии.- Санкт-Петербург, 1675 год. Типография (И.И.Муркульева, Графский., д. №5).- 352 б.
3. Арминий Вамбери. Путешествие по Средней Азии. М. Восточная литература. 2003. – 193 б.
4. Великая шахматная доска (Господство Америки и его геостратегические императивы). Москва.: Международные. отношения, 1998. Перевод О. Ю. Уральской.- 112 б.

Кашгария в период правления Якуб-бека.

Идрисова А.М.

Научный руководитель: д.и.н., профессор Аманжол Кузембайулы
Костанайский региональный университет им. А. Байтурсынова

Изучение истории Восточного Туркестана 1860-1870-х гг. играет большую роль в понимании современной сложной политической ситуации в Синьцзяне. Особенно в последнее время, в связи сполитикой Китайских коммунистов в отношении мусульманских народов, интерес к истории Вос-точного Туркестана многократно возрос.

Первым исследователем этого края, всем известно, был Чокан Влиханов. Миссия Валиханова, талантливого ученого и офицера русской армии, имела большое политическое значение, но и научное. Основным итогом путешествия стала книга «О состоянии Алтышара или Шести восточных городов Китайской провинции Нан-Лу (Малой Бухарии)», первая научная работа о Восточном Туркестане и его народе. С тех пор о Восточном Туркестане появились немало научных трудов.

В настоящей статье освещается небольшой период истории этого обширного края- время правления Якуб-бека. Личность правителя государства Йеттишар, существовавшего в указанный период на территории практически всего современного Синьцзяна, по сей день остается спорным вопросом в истории региона.

Другой важной причиной изучения истории государства Якуб-бека является то, что новым этапом в историческом расширении Китаем своих границ считают 1758, т.е. после покорения Джунгарского ханства (Восточный Туркестан). На самом же деле, цинское владычество носило больше номинальный характер. Свидетельством могут посудить антицинские выступления, каждое из которых ставило под сомнение факт контроля со стороны Китая.

Тут же нельзя не сказать о том, что при Синьцзянском филиале Академии общественных наук КНР действует специальная «исследовательская группа» по изучению государства Якуб-бека. Эту тему освещают на страницах местного периодического издания «Синьцзян жибао» и в дискуссионных клубах, организованных пропагандистскими органами автономного района.[2]

Таджик от рождения, Якуб бек служил махрабом (ханским гвардейцем), проявив себя храбрым воином и весьма хорошим стратегом, в частности, в 1852 г в битве с русскими при Ак-Мечети., дослужился до должности хакима Ходжента в 1862 г.. В 1864 году кокандские